

**ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ  
ТАМАҚПЕН ТАМАҚТАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША  
КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ №9 ХАТТАМАСЫ**

**Күні:** 18.05.2026 ж.

**Қатысқандар:**

1. Мектеп директоры комиссия төрайымы – Ж.З.Ермухамбетова
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Ш.С.Ускенбаева
3. Ата-аналар – Асылбекова А.А; Сүюкұлова А;
4. Әлеуметтік педагог – Қ.С.Қайырбек

Барлығы: 5 адам

**Күн тәртібінде:**

1. Жалпыға бірдей білім беру қорынан аталған санаттағы оқушыларды ыстық тамақ және қоғамдық тамақтандырумен қамтамасыз етуге байланысты жұмыстарды атқару қорытындысы, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау.

2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

**Тыңдалды:**

1.Әлеуметтік педагог Қ.С.Қайырбек : 2025-2026 оқу жылы барысында әлеуметтік мәртебеге ие отбасыдан шыққан оқушылар мемлекеттік қызмет көрсету бойынша тегін және жеңілдетілген ыстық тамақпен жалпы білім беру қорынан қазіргі есеппен 671 оқушы қамтылып отыр. Оқушылардың мектеп асханасында ыстық тамаққа баруы күнделікті уақыт кестесіне сай жүзеге асырылады. Қазіргі таңда, оқушылар 2 рет сынып бойынша бөліп көрсетілген уақытта ыстық тамаққа барады. Әлеуметтік педагогтің апталық жоспарына сәйкес, ыстық тамақтың сапасы, ас мәзіріне сай жасалуы, мөлшері, тамақ құрамында арттық заттардың болмауы, тамақ өнімдерінің бала денсаулығына пайдасын тигізуі, уақытында ыстық тамақтың берілуі және бөлме температурасында болуы күнделікті мектеп мейірбекесі, әлеуметтік педагог, әкімші кезекшілік және сынып жетекшілердің қатаң бақылауында. Сонымен қатар, асхананың ішкі, сыртқы тазалығы, асханада тиым салынған заттардың сатылмауы, оқушылардың таза ауыз сумен қамтылуы, асхана қызметкерлерінің санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы секілді жұмыстарда уақытылы орындалады.

Қазіргі таңда, ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, ата-ана мен оқушылардың шағымдары асханадағы арыз-шағымдар журналына

жазылады. Қараша айы бойынша келіп түскен арыз-шағымдар асхана қызметкерлері және арендаторға таныстырылып, қажетті іс-шараларды атқару қажеттігі туралы ескерту жұмыстары жасалды.

**2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Ш.С.Ускенбаева:** Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау күнделікті бақылау мақсатында төмендегі құрамдағы комиссия мүшелері: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Ш.С.Ускенбаева, ата-аналар - Асылбекова А.А; Сүюкұлова А; әлеуметтік педагог –Қ.С.Қайырбек мектеп асханасының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін тексеру мақсатында осы АКТ - іні жасадық.

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі.

**3. Әлеуметтік педагог – Қ.С.Қайырбек :** Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және бетперде тағу туралы белгілер, әлеуметтік арақашықтық сақтау белгілері, антисептиктер орнатылған. Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 2 уақытта ұйымдастырылды. Бүгін мектеп асханасын бракераждық комиссия тексерді.

Тексеру барысында 3–4 сынып оқушыларының тамақтандырылуы қадағаланды. Тамақ мәзірге сай әзірленгені, дайын тағамдардың салмақтарының талапқа толық сәйкес келетіні анықталды. Оқушылар ұсынылған тағамдарды жақсы қабылдайды.

Сонымен қатар ет, май және басқа да өнімдердің сапасы мен сертификаттары қаралды. Барлық өнімдерге қажетті сертификаттар бар, сақтау мерзімдері көрсетілген. Ескі немесе бүлінген тағамдар анықталған жоқ.

Асхананың тазалығы қанағаттанарлық деңгейде, санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Аспаздар талапқа сай арнайы киіммен жұмыс істейді. Барлық қызметкерлерде дәрігерден өткендігі туралы рұқсат құжаттары бар.

### Шешімі:

1. Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы күнделікті бақылауға алынсын;

2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы қанағаттандырылсын.

3. Асхананың жалпы жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.

Қатысушылар:

Мектеп директоры:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Әлеуметтік педагог:

Ата – аналар:



Ж.З.Ермухамбетова

Ш.С.Ускенбаева

Қ.С.Қайырбек

Асылбекова А.А; Сүюкұлова А;